

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті серіктестер, әріптестер, оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған жылдық есебі ұсынылады.

Бекітілген 2028 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, қызметтің 4 негізгі бағыты бойынша жұмыс жалғасуда:

1. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
2. Жылжымайтын мүлікті басқару;
3. Құрылысты басқару;
4. Жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімділікпен басқару.

2021 жылы Қоғам Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және Алматы облысында Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруды аяқтау бойынша жұмысты жалғастырды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде жылжымайтын мүлік пулының 99% немесе 578 мың ш.м. (тұрғын үй-жайлар – 393,9 мың ш.м., коммерциялық үй-жайлар – 166,2 мың ш.м. және 964 машина орны) өткізілді.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 22 объектінің 20 объектісі және 1 объектінің тұрғын үй тобы пайдалануға берілді, 1 объект құрылыс сатысында өткізілді және ол бойынша іске қосу мониторингі жасалған жоқ.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша жүзеге асыру аясында Қоғам 11 объект бойынша қаржыландыру шарттарын жасасты. Осы бағыт шеңберіндегі жылжымайтын мүлік пулы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 323,52 мың ш.м. құрады. Есепті күнге Алматы қаласындағы «Vostochka.kz» ТК 10 объектісінде және тұрғын топтарында 285,8 мың ш.м. пайдалануға берілді. Бұл бағдарламаны қаржыландыру көзі Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен бөлген кредиттік желісі болды, оның шеңберінде Қоғам 73,6 млрд теңге алды.

Қоғам жаңа объектілердің құрылысына инвестиция салды. Аталған жаңа жылжымайтын мүліктің бір бөлігін Қоғам тікелей сату әдісімен дербес өткізеді.



Бұл жобаларды қаржыландыру нарықтық талаптармен қарыз қаражатын және меншікті қаражатты тарту арқылы жүзеге асырылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі жобалардың құрылысына инвестициялау шарттары жасалды:

- Мыңжылдық аллеясындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (1-кезегі), Нұр-Сұлтан қ.
- Мыңжылдық аллеясындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (2-кезегі), Нұр-Сұлтан қ.
- «Бавария» тұрғын үй кешені (2-кезегі), Ақтөбе қ.
- «Ақкент» ықш. тұрғын үй орамы, Алматы қ.
- «ЭКСПО» ауданындағы тұрғын үй кешені, Нұр-Сұлтан қ.
- «Француз орамы» көппәтерлі тұрғын үй кешені, Атырау қ.

Компанияның сәтті тәжірибесі мен іске асырылған жобаларының дағдысы 2022 жылы да стратегиялық мақсаттарға қол жеткізілетініне сенімді күшейтеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жалғыз акционердің алдымызға қойған стратегиялық міндеттерін тиімді дамыту және жүзеге асыру үшін бізде барлық қажетті құралдар бар екеніне сенімдімін.

Қоғамның ұжымы мен серіктестеріне көрсеткіштерді сәтті орындауға қосқан үлесі үшін алғыс білдіремін және келесі жылы жаңа жетістіктер тілеймін!

М. Айманбетов